**МРНТИ 03.61.91** https://doi.org/ 10.63051/kos.2026.1.28

***[1]Қыдырбекұлы Д.Б.** **[2]Байдаров Е.Ұ.**
*[1] Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан*
*[2] ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан*
*E-mail: [1]doulatbek3@hotmail.com, [2] erkinbaydarov@gmail.com*

# АУҒАНСТАН: ПҮШТЫН ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗІ

***Аңдатпа.*** Бұл мақалада көшпенді пұштын халқының этнос және ұлт ретінде қалыптасуы туралы айтылады. Зерттеудің жаңалығына пұштындардың көшпенді түркі халықтарымен ортақ шығу тегі талдау арқылы табылады. Талдау әр түрлі дереккөздерді салыстыру арқылы жүзеге асырылады, олар ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі әр кезеңдегі авторлардың тарихи мәліметтері де, сол дәуірдегі ақындардың әдеби шығармалары да болуы мүмкін. Бұл зерттеудің мақсаты қазіргі Ауғанстан мен Пәкістан территориясының ұлан-ғайыр кеңістігіндегі әртүрлі көшпелі және отырықшы халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан қабаттарын, сондай-ақ олардың көп этникалық мемлекеттерді (Дели сұлтандығы, Хәттәк бектігі, Дүррани империясы және т.б.) құруын анықтау болып табылады. Бұл мемлекеттер Орталық және Оңтүстік Азия, сондай-ақ Таяу және Орта Шығыс елдерінің өзара әрекеттесу жағдайында (Парсыға қарсы күресте) маңызды геосаяси рөл атқарғаны деп көрсетіледі. Зерттеудің міндеттеріне пұштындар ежелгі сақтардың ұрпақтары болып табылады. Олардың көптеген ежелгі мемлекеттер құруына (Ахемени, Македон, Кушан империялары) қатысқаны, орта ғасырлық мемлекеттердің (Ғазнауи, Моңғол және Ұлы Моғол империялар) құрамына кіруі, Орталық және Оңтүстік Азия аймақтарында осы замандардағы дәнекерлік рөлін анықтау. Мақаланың мақсаты – ежелгі дәуірдегі, орта ғасырлардағы және жаңа замандағы ауған көшпелілерінің қалыптасуын зерттеу. Мақалада негізінде тарихи фактілер мен географиялық факторлардың әсерін анықтауға мүмкіндік беретін мәтіндік және салыстырмалы талдау әдістері қолданылады. Мақалада келтірілген нәтижелер авторларға ауған көшпелілерінің тайпалық құрылымы мен тұрмысы ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Мақалада келтірілген материал авторларға ауған көшпелілерінің тайпалық өмір салтының барлық принциптерін пайдалануды көздейтін соғыс және сауда жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан стратегиясы болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Ол принциптерде дипломатия және басқа саяси әдістерді қолдана отырып, сыртқы жауларға қарсы қорғаныс және шабуыл жасағаны айтылады.

***Алғыс:*** Мақала ҚР ҒЖБМ «Қазақстан және Шығыс әлемінің өзгермелі контурлары: тарихи сын-қатерлер мен болашағы» (№ BR 31714763) атты іргелі ғылыми зерттеу шеңберінде даярланған.

***Кілт сөздер:*** Ауған тарихы, Ауған мемлекеті, Кәбіл, пұштын тайпалары, Пуштунвали, сақ тайпалары, Тұран, түркі тайпалары, шежіре.

## Кіріспе

Қазіргі Ауғанстан ұлт және мемлекет болып XVIII ғасырдан бастап қалыптасқан. Бірақ ауған тарихы көне заманнан келе жатқанына күман жоқ. Солтүстік Ауғанстанда Бахтар (Бактрия) және оңтүстігінде Гандһара атты ежелгі өркениеттер болғаны белгілі. Бұл екі өркениет көне арийлердің ұрпақтары қолымен құрылған. Арийлер б.з.б. 3000 жылдары қазіргі Иран мен Үндістан жерлеріне қоныстанғаны белгілі. Ғасырлар бойы көптеген жаулаушылар Ауғанстан арқылы өтті, соның нәтижесінде елдін этникалық әртүрлілігі «көптүстілікке» ие болып, бұл өз кезегінде ауған халқының, ең алдымен пуштундардың этногенезіне зор ықпал етті. Әртүрлі туыстас тайпалардан құралған пуштундар Жаңа дәуірде Ауғанстанның мемлекет ретінде қалыптасуын айқындаған этникалық маркерге айналды.

Пуштундар «пуштунвали» идеологиясы арқылы елдін дамуын елеулі дәрежеде анықтап келеді.

Соңғы онжылдықтардағы (1990-2020) оқиғалар Ауғанстан тарихының сан аулан қайшылықтар тоғысқан күрделі үдеріс екенін тағы да көрсетті. Оның негезінде елдің этникалық көптүрлігігі, сондай-ақ өркениеттер мен әлемдік және аймақтық державалардың геосаяси мүдделері тоғысқан стратегиялық орналасуы жатыр. Бұл державалардың әркайсысының Ауғанстанға қатысты өз мақсат- мүдделері бар.

1979 жылғы желтоқсаннан бері Ауғанстанда болған Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті (КӘШК) 1989 жылы шығарылғаннан кейін басталған азаматтық соғыс елдің болашағына қатысты этникалық келіспеушіліктердің кең аукымың көзғады; этностардың, олардың мәдениеттері мен мүдделерінің (саяси, экономикалық және т.б.) мемлекетті дамытудағы рөлі туралы пікірталастарды күшейтті. Нәтижесінде 1978 жылғы Сәуір революциясына дейін айтарлықтай жаңғырту нәтижелеріне көл жеткізген ел 1919 жылы Ұлыбританиядан тәуелсіздік алғанға дейінгі кезең деңгейіне кері шегінді.

«Талибан» көзғалысының Ауғанстанның саяси жуйесіне қайта оралуы, Ауғанстан Ислам Әмірлігінің жариялануы, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық орнату арқылы саяси және экономикалық даму үдерістері Ауғанстанның саяси тарихын оның этникалық тарихы тұрғысынан зерттеуге деген қызығушылықты арттырады (Massimkhanuly, Abidenkyzy, Darbay, 2025). Ойткені дәл осы қыр елдің бүгіні мен болашағын түсінудің кілті болып табылады, ал Ауғанстан тарихы әрі мәдени тұрғыдан Орталық Азия елдеріне жақын. Бұл, әсіресе, 2010–жылдардағы «Араб көктемі» Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс елдеріне әкелген бейберекетті ескерсек, айрықша маңызды (Әмірбекова, Байдаров, 2025).

Орталық және Өнтүстік Азия елдерінің осындай тарихи-мәдени өзара байланыстылығы мақала авторларының назарын аударып, колжетімді дереккөздер негізінде пуштундардың этникалық шығу тегіне талдау жасауға негіз болды. Пуштундар (Талибан арқылы) Ауғанстандағы мемлекеттік құрылысқа, бейбітшілік орнатуға, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерімен достық қатынастар қалыптастыруға және бірлескен көлік-логистикалық, экономикалық жәні мәдени-гуманитарлық жобаларды жүзеге асыруға тікелей ықпал етеді.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл мақаланы жазу барысында пұштын халқының қалыптасуына қатысты аспектілерді (этногенез, көші-қон, қоныстану және т.б.) тікелей немесе жанама түрде қарастыратын әртүрлі авторлардың негізгі басылымдары пайдаланылды. Материалды жинау және оны түсіндіру барысында, ең алдымен, нақты бір тарихи кезеңдегі белгілі бір этнологиялық процестер мен құбылыстарға әсер ететін аспектілерді (тілдік, географиялық, мәдени және т.б.) қарастыруды көздейтін *салыстырмалы талдау әдісі* қолданылды. Бұл жоғарыда айтылған аспектілерді ескере отырып, олардың дамуы мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда әртүрлі дереккөздерді (саяхат жазбалары, тарих кітаптары, зерттеу монографиялары және т.б.) қарастыратын *мәтіндік талдау* да қолданылады.

Әдістеме тақырып бойынша зерттеу дәрежесімен байланысты. Кеңестік және посткеңестік тарих ғылымында Ауғанстан тарихымен тікелей А. Снесарев (Снесарев, 1921), И. Рейснер (Рейснер, 1959), В. Массон, В. Ромодин (Массон, Ромодин, 1965), С. Шумов, А. Андреев (Шумов, Андреев, 2002), Коргун В.Г. (Коргун, 2004), т.б. шұғылданатын.

Мысалы, А.Х. Бабаходжаев XX ғасырдың басындағы Ауғанстанның әлеуметтік тарихы жөнінде очерктер жазса (Бабаходжаев, 1975a), ал М.А. Бабаходжаев XIX ғасырдың соныңдағы Ауғанстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихына арналған очерктер жариялады (М. Бабаходжаев, 1975b). Ал Ю. Ганковский, А. Полищук, М. Слинкин 1747 жылы тәуелсіз Ауған мемлекеті құрылған кезден бастап 1977 жылға дейінгі, яғни ұлтық-демократиялық революция қарсаңы мен Ауғанстан Демократиялық Республикасының құрылуына дейінгі кезенді қамти отырып, Ауғанстан Қарулы күштерінің тарихына назар

аударды (Гонковский, Полищук, Слинкин, 1985). Ауғанстанның әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихы очерктерде де, Ауғанстан Қарулы күштерінің тарихында да пуштундар орталық орын алады.

Ауғанстан мен Пәкістан пуштундарына өз еңбегін ресейлик шығыстанушi В. Белокриницкий арнаған (Белокриницкий, 2002).

Батыс шығыстануында Ауғанстан тақырыбы терең және кең зерттелген, сонымен бритaн (Гамильтон, 1908), американ (Wilber, 1962; Barfield, 2010; 2012), неміс (Steul, 1981; Жехак, 1989), француз және т.б. ғалымдарымен ұсынылған. Ауғанстанның өзінде Мұхаммед Әли (Али, 1930), Бинава Абдурауф (Әбдурауф, 1948), Сейід Қасым Риштиа (Риштия, 1957), Мир Ғұлам Мұхаммед Ғұбар (Губар, 1959), Уәли Шаһ (Шах, 1960), Абдулхай Хабиби (Хабиби, 1969), Сейід әд-дін Хошими (Хошими, 1980) және т.б. ғалымдар болған.

Қазақстанда ирантанушы ғалымдар ауған мәселелеріне жанама түрде ғана тоқталатын – Л. Рүстемов (Рустемов, 1989), Т. Бейсембиев (Бейсембиев, 1987; Бейсембиев, 2002), К. Пищулина (Пищулина, 1977). Н. Оңдасынов (Оңдасынов, 1974) пен Ж. Байжұмин (Байжумин, 2012) лингвистикалық аспектілерін көбірек қарастырған. Е. Байдаров (Байдаров, 2013), С. Әкімбеков (Акимбеков, 2015), Д. Қыдырбекұлы (Қыдырбекұлы, 2025) ең алдымен ауған тарихының саяси аспектілеріне маңыз беретін.

## Талқылау

Б.з.б. 2000 жылдары арийлер екі топқа бөлінді. Ол батыс жақтағы ирандықтар және шығыстағы үндіарийлер. Ежелгі арийлер қай тілдік топқа жатқаны әлігі күнге дейін не даулы не белгісіз болуда. Еуропалық ғалымдар арийлерді үндіирандық не үндіеуропалық десе, түркітанушылар оларды түркі тобына жатқызады. Арийлер бүкіл Еуразия континентіндегі халықтарға әсер еткені белгілі. Қазіргі күні үндіеуропалық тобына кіретін герман, роман, славян, балт, иран және үнді халықтарында өзара ұқсас сөздері болғаны анық. Бірақ оларға ежелгі түркілер ықпал еткенін тарихта айтылмайды. Таяу Шығыста мекендеген шумер (Месопотамия), киммериялық (Кіші Азия), гиксос (Мысыр) халықтарының түбі түркі болғанын әлі де жоққа шығарулыда. Тіпті сақ тайпалары қазіргі еуропалық пен орыс тарихнамаларында иран тайпалары емес деп мойындалмайды. Ал XVIII ғасырға дейін сол еуропалық пен орыс тарихи деректерде ежелгі сақтар мен түркілер бірдей деп айтылатын. XX ғасырдың үнді саясаткері және ойшылы Жауаһарлал Неһру былай деген: «Саки были одним из больших тюркских кочевых племен. Их вытеснило с их пастбищ другое большое племя – кушаны. Саки наводнили Бактрию и Парфию и постепенно осели в Северной Индии, точнее в Пенджабе, Раджпутане и Катхиаваре. Индия цивилизовала их, и они отказались от своих кочевых привычек» (Неру, 1977: 129). Ал XIX–XX ғасырларда отаршыл саясатын ақтау үшін идеологиялық бұрмалау жасалған. Сонымен тарих ғылымында арийлер үндіеуропалық, ал сақтар ирандық болып шықты.

Сақтар көбінесе қазақ даласында мекендегені белгілі. Сонымен бірге Еуропадағы сақтар скиф, ал Орал аймағындағылар сармат деп аталатын. Орталық Азиядағы сақтар әртүрлі тайпаұлыстарға бөлінген: тиграхауда (Жетісу), массагет (Сырдария), исседон (Сарыарқа мен Жетісу), аримасп (Алтай), аргипей (Сарыарқа), даһи (Қарақұм), тара-дарайя (Сырдария-Амудария), амюрги немесе хаомоварга (Памир). Шығыс Азияға қарай тохар, юэчжи (ұлы йозы), эфталит (абдалы) атты сақ тайпалары мекенденген. Олардан ары сақтарға тіл, мәдениет, тұрмыс жағынан жақын болған ғұндар (хунну), ал бері тұрған үйсін мен қаңлылар мекендейтін. Бұл тайпаұлыстар прототүркі тілінде сөйлегеніне күман жоқ, өйткені Есік қорғандарында Алтын Адаммен бірге руникалық жазуы бар күміс тостаған да табылған. Ал бұл артефакт б.з.б. V ғасырға жатады, яғни Түркі қағанатынан бір мың жыл бұрын пайда болған! Хорезм, Соғды, Бахтар сақтары отырықшылыққа көшіп, егіншілік және саудамен айналасқан, көптеген қалалар салған. Ал оңтүстік жаққа көшін аударған сақтар біртіндеп жергілікті иран тілдеріне көшкен. Мысалы, қазіргі оңтүстік-шығыс Иран жерінде (Нимруз

аймағы) қоныстанған сақ тайпалары ежелгі парсы тілін қабылдап кейін парсыларға сіңіп кеткен. Олардың жерін әлігі күнге дейін Систан (Сақастан) деп атайды. Бұл сақтар б.з.б. 130–129 жылдары Парфияның Фраат II патшасының шақыруымен Нимрузға келген.

Зәрдәшт (Заратуштра, Зороастр) құрған зороастризм діннің Әуеста (Авеста) киелі кітабында ары-бері көшіп жүрген тұрлар туралы айтылған. Онда «жүйрік атты тұрлар» деп жазылған. Тұрлар сақтарға сәйкес келеді. Әйгілі парсы ақыны Әбілқасым Фирдауси (940-1020) қандай да бір түрде Әуестаны қайталайды. Көшпелі тұрлардың мекендеген жерін Тұран деген, ал отырықшы парсыларды Иран деп атаған. Оның атақты «Шаһ-нама» дастанында Кәбіл (Кабүл) мен Сәмәнган қалалары атап өтіледі. Дастан бойынша олар Тұранның құрамына кіретін. Соған қарағанда систандық Рүстем батыр Иран үшін Афрасияб басқарған Тұранға яғни өзінің туыс халқына қарсы соғысқан. Сол дастанда Тұран үшін соғысқан Рүстемнің баласы Сұһраб әкесінің қолынан қаза тапқан. Рүстемнің атасы Сам және әкесі Зал Систан мен Кәбілдің арасындағы Зәбіл (Забүл) жерінде туған (Ізтілеуов, 1961: 598). Сол аңызда Рүстемнің анасы Рудаба Кәбіл патшасы Меһрабтың қызы болса, ал сүйген жары Таһмина Сәмәнган билеушісінің қызы еді.

Жалпы Фирдауси тұрларды (сақтарды) ирантектес халық деп санамақшы, өйткені оның жазған дастанында берілген шежіреде Фәридун патшаның үш баласы болатын. Ол Сәлм, Тұр және Ираж. Аңыз бойынша Сәлм Ұрым жерін алса, Иражға орталық жер (қазіргі Иран) берілген. Ал тарихи ақиқатта ол Иранның оңтүстік жері (Фарс аймағы). Онда Пасаргад, Персеполь, Кәрмана атты ежелгі қалалар болатын. Ахемени заманында Парсы империясына біртіндеп басқа жерлер де қосылған. Ол «Шаһ-намада» Ираннан тәуелсіз тұрған Мазандыран мен Сәмәнган (Бахтар). Ал Тұрға Орталық Азия мен Ауғанстан жерлері мұраға қалған. Бірақ Сәлм мен Тұр Иражды өлтіріп кетеді. Одан кейін Ираж бен Тұрдың ұрпақтары жер мен билік үшін соғысып жүреді. Сонымен, «Шаһ-нама» дастанында Тұран Иранның атажауы деп көрсетілетін болды.

Дегенмен, мұнда Тұран атауы түркі жерінің мағынасын білдіреді, өйткені барлық әртүрлі халықтар бір Адам атадан шыққаны анық. Аңыздық Иран-Тұран шайқастары тарихи парсы-сақ соғыстарына сәйкес келеді. Солардың бірі б.з.б. 530 жылы парсы патшасы Ұлы II Кир (Курүш) массагет сақтарына қарсы жасалған жорықта патшайым Томиристың (Тұмар) қолынан қаза тапқаны белгілі. Бірақ кейінрек сақтар парсы патшаларының ұлан әскері болып қызмет еткен. Сөйтіп Фирдауси де өзінің «Шаһ-нама» дастанында систандық Рүстемді Иран шаһтарының басты батыры деп бейнелеген.

Ал түркілердің аңыз бен дастандарында Тұран қағаны Алып Ер Тоңға «Шаһ-намадағы» Тұраншаһ Афрабиябқа сәйкес келеді. Әуестада Афрабияб Фраңрасиян деп аталған. Самарқанд қаласының солтүстік жағын Афрасияб деп атайды, өйкені онда ежелгі Марақанданың қираулары орналасқан және оған б.з.б. 329 жылы Ұлы Александр (Ескендір Зұлқарнайын) өзінің грек-македон (юнан) әскерімен жеткен. Алып Ер Тоңға Тұр-ханның ұрпағы деп делінеді, бірақ түркілерде ол Төре-хан да болу мүмкін. Осылайша Иран–Тұран немесе парсы-сақ қарсылығы кейінгі ғасырларда да жалғасқан. Сондай-ақ ол иран-ауған және үнді-ауған соғыстарында көрініс тапқан.

Ресей империясында шыққан Ф. Брокгауз бен И. Ефрон энциклопедиялық сөздігінде былай деп айтылған: «В религиозном отношении, авган из всех суннитских мусульман самый злейший враг шиита-персиянина» (Энциклопедический словарь, 1890: 55). Сонымен көшпелі халықтар (иран тілдес бахтияр, күрд, балуж, пұштын және түркітілдес түрікмен, афшар, қашқай, өзбек, қазақ, т.б.) отырықшы парсыларға барлық заманда антипод болуда. Бұл метафоралық түрде Иран–Тұран қарсылығына сәйкес келіп тұрады.

Уақыт өткенмен ежелгі парсы тілі батыс пен шығыс иран топтарына бөлінді. Батыс тобы Таяу Шығыстағы семит халықтарымен, ал шығыс тобы Орталық Азиядағы түркі және Оңтүстік Азиядағы үнді халықтарымен байланысқа бағытталған. Сөйтіп иран тілдері бір-бірінен ажырайды. Кейін батыс-иран тобында ежелгі парсы тілінен күрд пен лұр, ал одан соң

балуж, мазандыран, гилэнге бөлініп өзге тілдерге айналып кетеді. Ал сол заманда қалыптасып жатқан шығыс-иран тілдерінде отырықшылыққа көшкен сақ халықтары өз тілінен айырылып сөйлейтін болады. Олардың қазіргі ұрпақтары Памир халықтары немесе Бадахшан тәжіктері. Егер б.з. бірінші мыңжылдығының басында Ұлы Даладағы көшпелі сақтар түркі халықтарына айналып кетсе, Хорезм, Соғды және Бахтар сақтары парсы немесе батыс-иран тілін қабылдады. «Шаһ-нама» дастанының кейіпкері, Кейкәуіс патшаның баласы Сияуыштың Тұранға келуі парсы тілі мен мәдениеті жергілікті тіл мен тұрмысты біртіндеп ығыстарғанын бейнелейді.

Ұлы Александр (Ескендір Зұлқарнайын) б.з.б. IV ғасырда үлкен империя құрады. Парсы мемлекетін жеңіп ол үнді мен сақ жерлеріне де жетті. Үнділерден жауап соққы алып шығысқа жорығын тоқтатады. Оған көшпелі тайпалар да қарсы тұрады. Ол Сыр бойындағы сақтардың соққысы, Соғдыдағы Спитамен басқарған сақтар көтерілісі және Һиндукуш аймағындағы сақтардың шабуылы. Ескендір Зұлқарнайынның империясы ыдыраған соң Мысыр мен Бахтарды екі ғасыр бойы юнан (грек) әулеттері билеген. Сондықтан ол жерді Юнан-Бахтар патшалығы деп атаған. «Страбон өзінің «Географиясында» асси-пассиандар Ескендір Зұлқарнайыннан қалған Юнан-Бахтар (Грек-Бактрия) патшалығына б.з.б. II ғасырда юэчжилер (ұлыйозы), тохарлармен бірге шабуыл жасағанын жазады. Академик С.Толстовтың пікірі бойынша асси-пассиандар үйсіндерге сәйкес келеді» (Қыдырбекұлы, 1997: 525). Сөйтіп б.з.б. II ғасырда тарихи аренада пайда болған үйсіндердің бірлестігі Жетісудан үнді жеріне дейін жеткен.

Жалпы сақтар негізінде б.з.б. VI ғасырда оңтүстік Азия жаққа көше бастаған. Олар Бахтар мен Үндістанның арасына қоныстанған. Б.з.б. II ғасырда сақтар Һиндукуш тауынан өтіп Үндістанға шабуыл жасайды. Олар көшпелі тұрмысы сақталғанына қарамастан Бахтар халқының арасында тұрып солардың тілін қабылдаған. Ол кезде батыс ирандық парсы тілі бахтарлықтардың тілін ығыстырмаған. Бұрынғы Гандһара (қазіргі Қандағар немесе Қандаһар) жеріне бұл сақтар қоныс аударып жергілікті үнді халқын не орнынан шығарады, не өзінің құрамына сіңгізеді.

Б.з. I ғасырда тохар мен юэчжилер Үндістанға жорық жасап Кушан империясын құрады. Кушан мемлекетінің негізгі тірегі қазіргі ауған жерінде мекендеген сақ тайпалары болатын. Б.з. IV ғасырда үнді-ауған аймағына эфталиттер (абдалылар немесе ақ ғұндар), ал X ғасырда – қарлұқтар келеді. Сонымен сақ және одан кейінгі түркі тайпалар ғасырлар бойы қабаттасып қазіргі ауған жерінде қоныстанды.

Сақтар ғасырлар бойы Парсы империясына қызмет етіп жүріп парсы әскерінің құрамында Юнан (Грекия), Ашур (Ассирия), Мысыр, Бабіл және Үндістанға жорық жасаған. Грек деректерінде олар скиф (скит) деп делінеді, ал ассириялықтар ишгуз деп атаған. Сондықтан сақтар парсы жеріне қонысқанда біртіндеп жергілікті тілді қабылдап өз тілін ұмытқан. Сонымен еуропацентристік тарихи ғылым сақтардың түбін терең қазбай оларды ирантектес халық деп кеткен. Мысалы, орта ғасырларлық Еуропадағы герман тілінде сөйлеген нормандар Францияға орналасып біраз уақыт өткен соң француз халқының ішіне сіңіп кеткен, ал олардың мекендеген жерін әлігі күнге дейін Нормандия деп атайды. Бірақ нормандиялық француздардың түбі герман екенін жоққа шығарылмайды.

Көшпелі тұрмысын сақтаған сақтардың ұрпақтары негізінде Сүлеймен тауыларында орналасып мекендеген. Осы аймақтан пұштын халқының түпкілікті қалыптасуы басталады. Кейбір деректерде пұштындардың түбі яһудтан (еврей халқынан) шықты деп делінеді, бірақ бұл қате пікір. «По своим собственным преданиям они выводят свое происхождение от десяти колен израилевых, что однако не имеет никакого основания, хотя и нельзя отрицать сходства национального авганского типа с еврейским» (Энциклопедический словарь, 1890: 54). Сондықтан пұштындардың түбі семит тобынан шықты дегені негізсіз.

650-790 жылдары Ғираттан (Һерат) бастап Пәнжішермен аяқтап арабтар қазіргі ауған жерін жаулап алады, ал VIII ғасырдың басында Қандаһар біржолата халиф әскеріне бағынды.

Жергілікті халықтар араб басқыншыларына қарсы тұрғанына қарамастан Араб халифатының құрамына кірді. Араб үстемдігі ислам дінінің таралуымен қатар жүрді. Егер бірінші мешіттер VIII ғасырдың ортасында жазық жерлерде салынса, ал Кәбіл мен таулы аймақтардың халқы IX–XI ғасырларда ғана ислам дінін қабылдады (История Афганистана, 1982: 65). Оның алдында буддизм, зороастризм және пұтқа табынушылық діндерді ұстанған. Тіпті Зәрдәшт пен Будданың (Шакиямуни) тегі сақ халқынан шыққанына күман жоқ. Будданың алып ескерткіші көп ғасырлар бойы Бамиян аймағанда тұрған (оны тәліптер кәпір пұты деп 2001 жылы қиратып жіберген).

Кейін пұштындар XIV ғасырда ғана ислам дінін біржолата қабылдады. Оған дейін Сұлтан Махмұд Ғазнауи үнді еліне ислам дінін таратқанымен қол астындағы пұштын тайпалары бұрынғы діндерді ұстанып жүрді. Мұсылмандықты қабылдауының күшеюі пұштындардың таулы аймақтардан жазық жерлерге көшіп орналасуымен байланысты болды. Бұл процесс XI–XIV ғасырлар бойы жүрген. Татар-моңғол шапқыншылығы көптеген қалаларды бұзған және одан халқы азайған. Сонымен бос жерлерге пұштындар қоныстанған.

IX ғасырда Араб халифаты ыдыра бастайды, ал X ғасырда Орталық Азияны Самани әулеті билейді. Бұл әулет өзінің билігін Хорасан мен Һиндукушке дейін таратады. Самани әскері негізінде түркілерден құрылған. Солардың ішінен Сұлтан Махмұд Ғазнауи деген басшы шығады. Ол асыл ғұлам ұландарының (немесе ғылмандардың) ұрпағы болатын. X ғасырдың аяғында Алыптегін басқарған қолбасшы Саманилердің үстемдігінен шығып өзінің мемлекетін құрды. Сонымен бірге ол Ғазнауи әулетінің негізін қалаушысы болды. Махмұд Ғазнауи Үндістанға көптеген жорық жасаған және Хорасанның шығыс жағын да билеген. Ол Қарахан мен Селжүк мемлекеттерімен тығыс байланыста болатын.

Осы кезеңде (IX–X ғасырларда) халаж (халжа) атты түркі тайпалар Қарахан әулеті билеген Жетісу аймағынан көшіп келеді. Олар қарлұқ ұлысына жататын. Халаждар Алатау, Алай, Памир тауларын асып одан ары Һиндукуш ауып Кәбіл, Қандаһар, Ғазни аңғарларына қоныстанады. Мұнда бұрыннан мекендеген сақ, тохар, ұлы йозы, кушан және абдалы (ақ ғұн) тайпалардың ұрпақтары тұратын. Соларға қосылып халаждар біртіндеп шығыс иран тілін қабылдайды. «Почти все исследователи сходятся на том, что гильзаи являются потомками смешавшегося с афганцами тюркского племени халадж, известного по описаниям арабских авторов X в.» (Губар, 1959: 103). Сөйтіп сақ пен түркі тайпалары ғасырлар бойы ассимиляцияға ұшырайды, бірақ олардың ру-тайпалық жүйесі сақталынады.

Пұштын халқы көптеген тайпалардан құрылады. Пұштындар бұрын қазақтар немесе түрікмендер сияқты мал шаруашылықпен айналасқаннан олардың ру-тайпалық жүйесі де көшпелі түркі халықтарына жақын. Ірі тайпалар тайпалық одағына тәрізді. Солардың бірі абдалы (дүррани) тайпасы. Ол зерек (зирак) пен пәнжпауға бөлінеді. Зерекке барәкзайы, пөпілзайы, әлкөзайы, ачакзайы (ацакзайы) деген рулар жатады. Ал пәнжпаудың ішіне нұрзайы, ысхақзайы, әлизайы, хугиани, маку рулары кіреді.

Екінші ірі тайпа Ғылжайы (Ғылзайы). Одан тұран мен боран рулары тарайды. Тұранды батыс ғылжайы деп те айтады және ол хотек, тохи, андар атты бұтақтарға бөлінеді. Боран (Ибраһимхел) немесе шығыс ғылжайылар әлихел мен сүлейманхелге бөлінеді. Уәрдәк, Күнар, т.б. уалаятттарда мекендейін уәрдәк пен сафи деген бөлек тайпалар да бар. Хост уалаятында Жажы (зазы, пұшту тілінде дзадзи десе, дәри тілінде джаджи дейді), жадыран (задыран/дзадран/джадран) және мәңгәл тайпалар тұрады. Оларды хостуал деп біріктіріп атайды.

Ал ірі рулар мен ұсақ тайпалар саны бойынша бірдей. Жалпы, адам атына қосылатын *зайы* сөзі тайпаны білдіреді, ал *хел* руды көрсетеді. Сонымен Пәкістанда юсіфзайы, уәзір, орәкзайы, африди (априди), моманд, хәттәк, кәкәр, шинуари, тури тайпалар мекендейді. Олардың негізгі мекені Солтүстік-батыс шекаралы уалаят (Пұштынстан) және Балужстан. Бұл тайпалардың біразы Ауғанстанда да тұрады.

Пұшты тілі шығыс иран тобына жатады. Ол оңтүстік-батыс (қандаһар) және солтүстік-шығыс (пешауар) диалектілерге бөлінеді. Қандаһар диалектінде Ауғанстан пұштындары сөйлейді. Ал Пәкістан пұштындары пешауар диалектін пайданалады және олар өздерін пұхтын/пахтан дейді. Кейбір ауған пұштындары да өзін сөйтіп атайды. Үндістандықтар пұштындарды патһан деп атайды, ол *пахтан* атауынан шыққан болу керек.

## Зерттеу нәтижелері

Шежіре бойынша пұштын халқы Кәйіс (Әбд әр-Рашид Патан) бабадан тарайды. Кәйістің үш баласы болған – ол Сарбан, Битан, Гүргүшт және өгей баласы Кәрлан. Әр бала тайпалық топты білдіреді. Сарбанның бұтағына абдалы, юсіфзайы, моманд, шинуари тайпалар мен шерани, мияна, бареч (барец), халилзайы, дәуідзайы, мұхаммедзайы деген рулар кіреді. Битанға ғылжайы тайпасы мен лоди руы қарайды. Гүргүштке кәкәр және пани сықылды ұсақ тайпалар кіреді. Ал қалған көптеген тайпалар мен рулар Кәрлан одағын құрады. Ол уәзір, африди, хәттәк, орәкзайы, ұтманхел, хостуал (мәңгәл, жадыран, зазы) тайпалары және дәуір, бәңгаш, баннужи рулары. Жалпы пұштын халқы 380-нен астам тайпа мен рулардан құрылған. Сарбан тайпалық одағына 105, битан тобына 77, гүргүштке 95 және кәрланға 105 тайпа мен рулар кіреді.

Егер қазақтың шежіресі тарихи хронологияға сәйкес келгені шамамен анық болса, пұштынның шежіресінде біраз шатасуы бар болу керек. Ауған тарихшысы Ғұлам Мұхаммед Ғұбардың айтуы бойынша Кәйіс XI ғасырда өмір сүрген (Массон, Ромодин, 1965: 274). Сонда пұштын тайпалары сол кезде пайда болған ба? Орта ғасырлық жазбаларға тірелсек, XI–XII ғасырлар пұштын халқының ұлыс болып қалыптаса бастаған кезеңі, ал оны құрған тайпалар ежелден (сақ пен кушан заманынан бері) Һилменд өзені мен Сүлеймен тауладың арасында мекендеген. Сонымен пұштынның шежіресінде ежелгі тайпаларды құрған аталардың аты жоқ болу керек. Сондықтан пұштын тайпалық одақтар әр түрлі және кірме көшпелі тайпалардан құрылғанын көрсетеді.

Сөйтіп, пұштын халқы үш кезеңдік (немесе дәуірлік) халықтар мен ұлыстардан қалыптасқан. Ол ежелгі сақ тайпалары, абдалы-эфталиттер және халаждар. «Ко II в. до н. э. относится инфильтрация сакских племен в среду восточноиранского населения Арахосии и Дрангианы, имевшая важное значение для афганского этногенеза» (Массон, Ромодин, 1965: 20). Сонымен, сақтар тарих ғылымында пұштын халқының пұстысы болып есептеледі.

Ауған тарихында ақ ғұн деп аталған абдалылардың орны да маңызды. «Государство эфталитов просуществовало до VI в., когда оно было разрушено Сасанидами в союзе с турецкими ханами. Арабам имя эфталитов известно в форме *һитәл* (множ. Һайтәлә)... сирийская *Abdel*, армянская *Heptal*… По-видимому, эфталиты жили главным образом к северу от Аму-Дарьи, по крайней мере в местности к западу от Балха» (Бартольд, 1971: 48). Абдалылар орта ғасырдарда ірі ұлыс болып қазіргі күні қазақ пен түрікмен халықтарының ішінде бөлек тайпа ретінде кездеседі.

Ал абдалылармен қатар көшкен тохарлар Бахтар аймағына қоныстанған. «Термин «Тохаристан» употреблялся также в более обширном значении и обнимал все области по обоим берегам Аму-Дарьи, тяготевшие к Балху» (Бартольд, Т.1, 1963: 118). Сондықтан Тохарыстан деп тарихта қазіргі Солтүстік Ауғанстанды атаған.

Халаждар үнді және ауған жеріне Жетісу аймағынан келгені белгілі. «Сопоставление приведенных выше сведений о территориальной близости халаджей и афганцев в XI–XII вв. и об их участии в одних и тех же политических событиях с сообщением Бекрана об изменении языка халаджей и с тем фактом, что афганские родословия восходят к XI–XII вв., дает основание предполагать, что эти века были временем одного из важнейших этапов этногенеза афганского народа» (Массон, Ромодин, 1965: 276). Ғылжайылар халаждан шыққаны анық. Сонымен, халаж – халжа (қалша) – хилжи – ғилжи – ғылжайы – ғылзайы деп тайпа атауы біраз өзгере айналып кеткен. «К XVI в. Гильзаи восприняли язык пушту и

полностью слились с афганцами, вплоть до того, что стали вести свою родословную от Абдуррашида…» (Рейснер, 1959: 51). Ғылзайы тайпалық одағына кіретін тұран мен боран тайпалары сол заманда, яғни X-XI ғасырларда халаждармен бауырлас болып үлкен рудың атын алып халаж атанды.

Ғылзайы тайпасынан шыққан Лоди әулеті 1451–1526 жылдары Дели сұлтандығын билеген. Бұл тарихтағы пұштындардың алғашқы ірі саяси және әскери белсендігі. «Во время правления династии Хильджи (1290–1321) роль афганских военных контингентов в войсках Индии возросла. В источниках появляются сообщения об участии афганских эмиров в некоторых важных военно-политических событиях, происходивших в Индии» (Массон, Ромодин, 1965: 311). Бұл Хилжи әулеті түркі болғаны анық. Бірақ Хилжи әулетінің халаж тайпасына не қатысы бар болуы мүмкін, не мұнда атаулық үйлесу ғана болу керек.

Ал *ауған* атауы қайдан шыққаны әлгі күнге дейін белгісіз және даулы мәселе. Қазақ тілінде *ау* сөзі «белгілі бір шектен, межеден, мөлшерден, мезгілден өту» деген мағына беретіні түсінікті. (Қазақ тілінің ..., 1974: 451) Әртүрлі кезеңдерде, ғасырлар бойы Орталық Азиядан Оңтүстік Азияға көш-қонысын аударған сақ, абдалы, халаж, т.б. ұлыстар шөл мен тауларды асып Кәбіл аңғарына өткен. Соңғы жылжып барған қарлұқ халаждар еді. Олар алдыңғы ұлыстардың ізімен һиндукуш тауын ауып барды. Сөйтіп Жетісудан Пәнжабқа (Бессу) қарай көш-қонысын аударған түркілер барған жерін *Ауған* елі деп ат қойған болу сияқты.

Сонымен *пұштын* атауы қайдан пайда болғаны да белгісіз. «Этимология этнических названий «афган» и «паштун» не выяснена. Лингвисты предполагают, что древней формой этнического имени паштунов могло быть слово, восходящее к *parsu* «край», «окраина». Существуют и другие предположения; согласно одному из них, слово «паштун» произошло от названия хребта Кох-и Сиях-Пашт в Сулеймановых горах» (Массон, Ромодин, 1965: 23). Парсы тілінде *пұшт (фұшт)* сөзі «арқа, арт, сырт, кер жағы» деген мағына береді (Оңдасынов, 1974: 70). Мұнда оның мағынасын артында тірегі бар халық деп түсінуге болады. Бірақ *пұштын* атауы *пұсты* деген сөзден шыққан болуы да әбден ықтимал.

1504 жылы Самарқандтан көшпелі өзбектердің соққысынан Ферғананың билеушісі Заһириддин Бабыр оңтүстікке шегінген. Оның құрған Ұлы Моғол мемлекетіне үнді мен ауған жерлері кірген. Сонымен ол 1504–1526 жылдары Кәбілдің билеушісі болған. «При описании Кабульской области Бабур говорит, что там «на лугах и солончаках живут турки, аймаки (кочевники смешанного происхождения) и арабы, в городе и некоторых деревнях сарты, в некоторых других деревнях таджики, афганцы» и еще представители трех других народностей» (Бартольд, Т.2 (1), 1963: 461). Кроме того, Бабур перечисляет их языки – «араби, фарси, тюрки, моголи, хинди, афгани, пашаи, парачи, гебри, бараки и ламгани» (Babar-nama, 1905: sheet 131 b). Бабыр ауған халқымен икемді саясат жүргізген. Оның бейіті әлгі күнге дейін Кәбіл қаласында тұр.

Сонымен, XI-XVII ғасырлар пұштындардың ұлыс болып қалыптасқан кезеңі. XVIII-XIX ғасырларда пұштын халқы ұлыстан ұлтқа айналу процесінен өтеді. Бұл трансформация ауған мемлекетінің құрылу және ыдырауымен байланысты. XX ғасырда Ауғанстанның заманауи мемлекет ретінде қалыптасуы пұштын халқын мемлекет құрушы ұлт етті.

XVIII ғасырда парсы патшасы Надір шаһ Афшар үлкен империя құрған. Оның құрамына ауған мен солтүстік үнді жерлері кірген. 1747 жылы Ахмед-хан Абдалы (1722–1772) басшылығымен ауғандар қарсы тұрып парсыларды өз жерінен қуып шығады. Одан кейін азат етумен тоқталмай Ахмед-хан солтүстік Үндістан мен Хорасанды жаулап алып Дүррани мемлекетін құрды. Сонда кейбір пұштын тайпалары парсытілдес Ғиратқа (онда аздап түркілер де тұратын) жетіп оның айналасына қоныстанды. Абдалы тайпасын *дүррани* деп атын ауыстырған, ал өзін Ахмед-шаһ Дүррани деп атады. *Дүр* арабша інжу деген сөзді білдіреді, ал *дүррани* «інжудің інжуі» мағынасын береді. Ауған тарихында бұл заманды *дүр-и дуран* (дәурен дүрі немесе дәуірдің інжуі) дейді.

Ал Ахмед-шаһтан кейін Дүррани мемлекеті біртіндеп ыдырайды және 1842 жылы біржолата бөлшектенеді. Ол 1839–1842 жылдарда өткен бірінші ауған-ағылшын соғысымен үйлеседі. Содан бері оңтүстік-шығыс пұштын тайпалары Британдық Үндістанның құрамына біртіндеп кіре бастайды. 1849 жылы пұштынның Пешауар қаласы Британ империясына кетеді. Екінші ауған-ағылшын соғысы 1878–1880 жылдарда өткен соң Ұлыбритания тағы бірнеше ауған жерін өзінің колониялық империясына қосты. 1893 жылы британдық үнді колониялық әкімшілігінің хатшысы Мортимер Дюранд ауған әмірі Әбдірахман-ханмен келіссөз жүргізіп үнді-ауған шекарасын біржолата анықтады. Ол Дюранд сызығы деп аталған қазіргі ауған-пәкістан шекарасы.

Сөйтіп пұштындардың көбісі Пәкістанда мекендейтін болды. Олардың негізгі мекені бұрынғы Солтүстік-Батыс шекаралы уалаят (СБШУ), қазіргі күні ол Хайбер-Пахтунхуа деп аталады. Сонымен бірге пұштындар Балужстанның шығысында да тұрады. 1947 жылдан бастап Пәкістан үкіметінде пұштындар позициялардың үштен бірін алады. 1958–1969 жылдары Пәкістан мемлекетін басқарған генерал Мұхаммед Айюб Ханның ұлты пұштын болатын.

Ал Ауғанстанда пұштындар халқының қырық пайызын құрайды. *Ауған* мен *пұштын* бірдей ұғым болатын. XIX ғасырдың аяғында Ауған әмірлігінің біраз жері Британдық Үндістанға кеткен соң оның басшысы Әбдірахман-хан Бұхара әмірлігіне тәуелді болған Балх хандығына шабуыл жасайды. Сонымен бірге Бадахшан аймағының батыс жағын Ауған әмірлігіне қосады, ал шығыс жағы Ресей империясының құрамына кіреді. Оның алдында ол хазаралар мекендейтін Бамиянды алды. Ғират 1863 жылы Ауған мемлекетіне біржолата кірді. Әбдірахман-хан британ-ресей келесімі бойынша ауған-ресей шекарасын белгіледі. Сөйтіп, ол Ауғанстанды қазіргі заманның қалпына келтіріп біріктірді. Пұштындардан басқа мұнда тәжік, хазара, өзбек, түрікмен, балуж, үнді халықтары мекендейді. Содан бері ауған деп Ауғанстанның барлық азаматтарын білдіреді. Бірақ саяси биликті негізінде пұштындар ұстайды, ал экономика, сауда және білім салалары негізінде тәжіктердің қолында болатын.

Ауғанстанда отырықшы халықтар егіншілік және саудамен айналасса пұштындар мал шаруашылығына ие болған. Пұштынның қазаққа ұқсастығы сақ заманнан келе жатқан көшпеліліктің факторларынан шығады. «Пұштындардың өмірі бізге ұқсас. Бірақ тым жабайы қалыпқа жақын. Жерлері соншалықты нашар, әсіресе олардың көші-қоны жүретін жерлері ит байласа тұрғысыз, құм, кішкентай жел тұрса, бір адым жердегі адамды көре алмай қаласың» (Шапырашты Қазыбек, 1993: 142). Әрине, географиялық жағдай пұштындарды басқа көшпелілерден әр түрлі етіп ерекшелендірген.

Бірақ көшпелі дәстүрлерден пұштындырда ар қалғаны байқалады. «При всей своей мстительности и наклонности к любостяжанию, авган остается верным другом и добрым отцом семейства, любит свободу, храбр, смел, умерен, трудолюбив, благоразумен и менее склонен к лицемерию и измене, чем соседние с ним народы» (Энциклопедический словарь, 1890: 55). Сырттан келген жауға олар ел болып бірігіп жауап соққы береді.

Көшпелі мұсылман халықтарында (қазақ, түрікмен, күрд, балуж, пұштын, бербер, бәдәуи араб, т.б.) діншілдік екінші дәрежеде тұрады. Бұл халықтардың бірінші орнында ру-тайпалық құрылымға негізделген ежелгі әдет-ғұрып заңдар зор маңызды. Дін тек қондырма функциясын ғана атқарады. «Общественная структура пуштунских племен отличается определенной спецификой, обоснованной сохранением некоторых известных под общим названием пуштунвали традиций... Его следует понимать как сумму всех тех традиций, которыми пуштуны, по своим собствнным представлениям, отличаются от других народов» (Жехак, 1989: 58). Пуштунвали (*Пұштынуәләй*) пұштын халқының намыс кодексі. Мұны олар оны өзінің ұлттық құндылығы деп ұстанады[1]. Пұштынуәләй пұштындарды көршілес

[1] Пуштунвали – пуштундардың бірегейлігінің негізгі элементі, Үндістанның Пенджаб штатындағы сикхтердегі *хальса* институтына ұқсас (Габдуллин, Мұратбекова, 2025).

отырықшы халықтардан ажыратады. Пұштынуәләй көптеген ережелерден тұрады. Ол нәңгі, бадал, намыс, турә, меранә, ғайрат, мешер, мұсауат, жірге тармақтары.

*Нәңгі* – ру-тайпалық жүйе бойынша шежіреге тіреліп туысқандықты ұстану. Әр пұштын өзінің арын сақтауын бүкіл тайпаның ар-намысын сақтауымен бірдей көреді. Өзінің шежіресін білмеген адам қолдаусыз қалады. Нәңгіні ұстанатын адамды *нәңгиялай* дейді және оған қоғамда құрмет-қошемет көрсетіледі, ал нәңгіні менсінбейтін *бейнәңга* деп аталады. Сонымен, нәңгі адамның отбасын, руын, тайпасын, елін қорғауды талап етеді. Кейде мұны нәңгі-намыс деп біріктіріп айтады.

*Бадал* жаза ережені білдіреді. Мұнда негізінде кек алу (*пор*, парыз) да, құн төлеу (*хұнбаһа, нек*) де бар. Кек алудың орнында құн төлеу процесін *шәрм* дейді. Бұл сөз парсыша *ұят* деген мағынаны береді. Бірақ бадал сонымен бірге алғыс ретінде не сыйлық беру, не жақсылықты қайтаруды талап етеді.

*Намыс* ережесі жалпы намыс емес, көбінесе әйел адамды қорғау принципы болып пайданалады. Пұштын қоғамында әйел адамға қамқорлық және құрмет көрсетіледі, өйткені оның үйдегі міндеттері көп. Сондықтан еркек адам өзінің жұбайын қорғауға міндетті. Ал әйел адамды қорғай алмаса немесе қорласа ондай ерекекті *бейнамыс* дейді. Бұрын пұштын әйел кек алу қақтығысты тоқтата алатын, ал кейбір жас әйелдер соғысқа қатысып қорықпай ерлікке баратын.

*Турә* пұштындардың жауынгерлігі мен рух күшін көсетеді. Турә негізіде *қылыш* сөзінен шыққан. Ал намыс қорғау қарусыз болмайды. Сонымен бірге турә батылдық пен ерлікті білдіреді. Сондықтан турә ережесін ұстанатын адамды *туриялай* деп атайды.

*Меранә* ерлік және батылдық деген мағына бере отырып турә ережесіне жақын. Меранә әр еркек пен балада, ал кейде әйел мен қызда ерік-жігер мен рух күшін дамытуды талап етеді. Пұштын қоғамы әрдайым табандылыққа шақырады. Сонымен *істіқамет* меранәдан бастап келіп табандылық пен мақсаттықты білдіреді.

*Ғайрат* қайраттықтан шығады. Қайраттық өз-өзін бағалау және мақтаныш сезімін тудырады. Ғайрат ережесі меранәмен тығыз байланыста болып адамды тәрбиелейді. Ғайратты адамды ғайратман деп атайды және оған ізет беріледі.

*Мешер* деп пұштындар қарт адамдарды атап сыйлағандығын көрсетеді. Ол қазақтың *ақсақал*, түрікменнің *яшулы* сияқты қарт адамға жүгінуімен бірдей. Мешердің бастапқы мағынасы үлкен адам дегенді білдіреді, ал ақсақалды *спинжырай* дейді. Сонымен мешер деп үлкендерге құрмет көрсету ережені атайды.

*Мұсауат* немесе теңдік ережесі бойынша пұштын әр адамды құрметтеп өзінің бауыры қылады. Ал ол үшін әр адам қарапайлы болуға тиіс. Тіпті үлкен адам кішіге немесе бай кедейге сәлем бере береді. Сонымен құрмет пен теңдікті пұштындар барлық халықтардан талап етеді.

*Жірге* теңдікті білдіреді, өйткені мұнда халық жиналысы өзекті мәселелерді талқылап шешеді. Мұндай өзін-өзі басқару нысаны ру-тайпалық жиналыстан басталады. Ал одан кейін *кәли жірге* (ауылдық жиналыс), *көчиян жірге* (көшпелі жиналыс), яғни қауымдастық жиналыстар өтеді. Бүкіл ұлттық деңгейде түркілердің құрылтайына сәйкес *Лойя Жірге* (халық кеңесі) шақырылады.

*Мелмедости* меймандостық, қонақжайлық деген сөз. Қонақжайлық жомарттықтың бір түріне жатады. Әр пұштын кез келген адамға қонақжайлы болуға тиіс. Тіпті дұшпанға да қонақжайлы болу керек. Мелмедости тағы *мелмепалэна, мелместия, дастархан* атты синонимдермен аталады. Дастархан пұштындарда көшпелі түркілермен байланыс болғанын көрсетеді. Бір пұштын отбасында қонақтарға арнайы бөлек *миһманхана* (мейманхана) және *хұжіре* (құжыра) бөлінеді. Қонақты күзетпен сүйемелдеу ережені *бәдреге* дейді. Қонақжайлық заңы бойынша қашқындар мен босқындарға да әр адам пана (*пана кәуел* немесе *пана гөштел*) беруге тиіс.

*Имандари* адамда имандылықты өсіріп қалыптастырады. Бұл ислам дінінен келе жатқан әр адамда адамгершілікті, адалдық пен әдептілікті тәрбиелейді. Бірақ отырықшылдыққа көшу процесінде пұштындарда діншілдік пен діни тақуалық көбейіп пұштынуәләйдың біраз прициптері бұрмаланып бұзылды.

*Уеш* деп пұштын тайпаларының арасындағы кезеңдік жер бөлісу заңдарын білдіреді. Ол көшпелі малшаруашылықпен байланысты. Бұл да пұштынуәләй дәстүрлі ережелерінің бірі.

Жалпы пұштындар әр тайпаны *қауым* десе, руды *хел* деп айтады. Қауымды басқаратын тайпа басшыны *хан* деп атаса, ру басшыларды *мәлік* дейді. Әр рудың ішінде ұсақ рулар бар. Әр ұсақ руды спинжырай-ақсақал басқарады.

Ақын Хошһәл-хан Хәттәк (1613–1689) пұшты тіліндегі ауған әдебиетінің негізін салған. Сонымен бірге ол Акора әмірлігінің билеушісі болған. Ол кезде пұштын тайпалары ауған елі ретінде әлі бірікпей шашыраңқы болған. Ол «Дастар-нама», «Баз-нама», «Рұбайят», т.б. атты поэзиялық шығармалар жазған. Оның шығармалары ХХ ғасырда өмір сүрген пұшты тілдес ауған және пәкістан жазушыларына әсер еткен. Жалпы, Ауғанстандағы пұштынның ақсүйектері мен саудагерлері, тектілері мен байлары негізінде дәри (фарси-кабули) тілін пайданалатын. Білім дәри тілінде берілетін. Сондықтан мемлекеттік істер де дәри тілінде жүргізілген. Пұшты Ауғанстанда 1938 жылы екінші мемлекеттік тіл болып жарияланды, ал 1964 жылы бірінші орынға шықты. Бірақ дәри тілі әлігі күнге дейін өзінің ұлтаралық функциясын атқарады.

## Қорытынды

Сонымен, академик В. Бартольд ауған елі жөнінде былай қорытындылайды: «Более существенно отличается от персидского языка афганский – язык народа, первоначально жившего в Сулеймановых горах, к западу от Инда. Само название «афганцы» встречается впервые в XI веке; происхождение этого названия, по-видимому, никогда не употреблявшегося самими афганцами, остается неизвестным. В политической жизни ислама афганцы выступают только в XVI веке, когда появляются афганские династии в Северо-Западной Индии. Границы современного Афганистана определились в XIX веке ходом военных событий и имеют мало общего с границами этнографического распространения афганского народа. С XVI века на афганском языке существует некоторая литература, но в общем литературным языком современного Афганистана, как и языком государственного делопроизводства, остается персидский» (Бартольд, 1966: 241-242). Мұның бәрі қазіргі күнге дейін Ауғанстанда сақталуда.

ХХІ ғасырда пұштындар әлі де көптеген архаикалық элементтері бар өзінің дәстүрлі өмір салтын ұстануда. Пәкістандағы пұштындар барлық өмірдің саласында ілгері дамып табысты болды. Экономикалық кедейлік, саяси тұрақсыздық және тарихи трагедия салдарынан Ауғанстанның әлеуметтік, қоғамдық және мәдени өмірінде көптеген қайшылықтар бар. Сонымен Ауғанстанның, әсіресе оның ішіндегі пұштындардың бірегейлігі орта ғасырлар мен қазіргі дәуір арасындағы қарама-қайшылықта жатыр.

## Әдебиеттер:

Абдурауф, 1948 – *Абдурауф Б.* Взгляд на Пуштунистан. Кабул, 1948. 65 с.

Акимбеков, 2015 – *Акимбеков С.М.* История Афганистана. Астана-Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015. 848 с.

Али, 1930 – *Али М.* Афганистан. Кабул, 1930.

Амирбекова, Байдаров, 2025 – *Амирбекова С., Байдаров Е.* События «Арабской весны» в освещении исследователей ближневосточных стран // Казахстанское востоковедение. 2025. Т. 13. №2. С. 283-293 / DOI https://doi.org/10.63051/kos.2025.2.283

Бабаходжаев, 1975a – *Бабаходжаев А.Х.* Очерки социальной истории Афганистана начала XX века. Ташкент, 1975.

Бабаходжаев, 1975b – *Бабаходжаев М.А.* Очерки социально-экономической и политической истории Афганистана: конец XIX в. Ташкент: Фан, 1975. 196 с.

Байдаров, 2013 – *Байдаров Е.У.* Исламизация государств Центральной Азии: философско-политологический анализ // 21 ВЕК. Информационно-аналитический журнал фонда «Нораванк». Ереван. 2013. №4. С. 73-96.

Байжумин, 2012 – *Байжумин Ж.* Туран. Взгляд на историю человеческого общества. Алматы: Арыс, 2012. 172 с.

Бартольд, 1963 – *Бартольд В.В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинения. М., 1963. Т.1. 760 с.

Бартольд, 1963 – *Бартольд В.В.* Таджики. Исторический очерк // *Бартольд В.В.* Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. Сочинения. М., 1963. Т.2 (1). С. 449–468.

Бартольд, 1966 – *Бартольд В.В.* Работы по истории ислама и Арабского халифата. Сочинения. М., 1966. Т.6. 784 с.

Бартольд, 1971 – *Бартольд В.В.* Работы по исторической географии и истории Ирана. Сочинения. М., 1971. Т.7. 664 с.

Бейсембиев, 1987 – *Бейсембиев Т.К.* «Та’рих-и Шахрухи» как исторический источник. Алма-Ата: Наука, 1987. 200 с.

Бейсембиев, 2002 – *Бейсембиев Т.К.* Поход Моголов Индии в Северный Афганистан 1646– 1647 гг. в зеркале современной идеологии. Алматы, 2002.

Белокреницкий, 2002 – *Белокреницкий В.Я.* Пуштуны Афганистана и Пакистана: демографическая динамика и политическая роль // Афганистан на переходном этапе. М., 2002. С. 39–68.

Вали, 1960 – *Вали Ш.* Мои воспоминания / Пер. с фарси. М. 1960.

Габдуллин, Муратбекова, 2025 – *Габдуллин К., Муратбекова А.* Роль института Хальсы в идентификации сикхов в индийском штате Пенджаб // Казахстанское востоковедение. 2025. Т. 13. №1. С. 60-76 / DOI https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.60

Гамильтон, 1908 – *Гамильтон А.* Афганистан / Пер. с англ. СПб., 1908.

Ганковский, Полищук, Слинкин, 1985 – *Ганковский Ю.В., Полищук А.И., Слинкин М.Ф.* История вооруженных сил Афганистана, 1747–1977. М. : Наука, 1985. 206 с.

Губар, 1959 – *Губар М.Г.М.* Ахмад-шах – основатель Афганского государства. М., 1959. 386 с.

Жехак, 1989 – *Жехак Л.* Кодекс чести пуштунов // Афганистан: история, экономика, культура. М., 1989. С. 58–72.

История Афганистана, 1982 – История Афганистана. М.: Мысль, 1982. 368 с.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974 – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974. Т.1. 696 б.

Коргун, 2004 – *Коргун В.Г.* История Афганистана. XX век. ИВ РАН, Крафт+, 2004. 529 с.

Қыдырбекұлы, 1997 – *Қыдырбекұлы Д.* Көшпелілер кім болған еді? // Қазақ тарихынан. Алматы, 1997. 520–535 б.

Қыдырбекұлы, 2025 – *Қыдырбекұлы Д.* Қазақ-ауған тарихи байланыстары // Дала дипломатиясы және қазіргі халықаралық қатынастар. Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2025. 4–6 б.

Массон, Ромодин, 1965 – *Массон В.М., Ромодин В.А.* История Афганистана. М., 1965. Т.1. 464 с.

Неру, 1977 – *Неру Дж.* Взгляд на всемирную историю. М., 1977. Т.1. 376 с.

Оңдасынов, 1974 – *Оңдасынов Н.* Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1974. 384 с.

Пищулина, 1977 – *Пищулина К.А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории). Алма-Ата: Наука, 1977. 286 с.

Рейснер, 1954 – *Рейснер И.М.* Развитие феодализма и образование государства у афганцев. М.: АН СССР, 1954. 417 с.

Риштия, 1958 – *Риштия С.К.*. Афганистан в XIX в. / Пер. с перс. М.: Иностранная литература, 1958. 487 с.

Рүстемов, 1989 – *Рүстемов Л.* Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматы: Мектеп, 1989. 320 б.

Снесарев, 1921 – *Снесарев С.Е.* Афганистан. Географическо-политический очерк. Т. 1. М.: Государственное Издательство, 1921. 244 с.

Хабиби, 1969 – *Хабиби А.* История Афганистана. Кабул: Ариана, 1969. 149 с.

Хошими, 1980 – *Хошими Саид уд-дин*. Современный Афганистан. Кабул: Университет, 1980. 220 с.

Шапырашты Қазыбек бек, 1993 – *Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы*. Түп-тұқияннан өзіме шейін. Алматы, 1993. 416 б.

Шумов, Андреев, 2002 – *Шумов С.А., Андреев А.Р.* История Афганистана. Документальное исследование. М.: Крафт, 2002. 236 с.

Энциклопедический словарь, 1890 – Энциклопедический словарь. Санкт-Петербург, 1890. Т.1. 480 с.

Babar-nama, 1905 – The Babar-nama, being the autobiography of the Emperor Babar, the founder of the Moghul dynasty in India, written in Chagatay Turkish; now reproduced in facsimile from a manuscript belonging to the late Sir Salar Jang of Haydarabad, and ed. with a preface and indices by A. S. Beveridge, Leyden – London, 1905 (GMS, I).

Barfield, 2010 – *Barfield T.* Afghanistan: A Cultural and Political History. Princeton University Press 2010.

Barfield, 2012 – *Barfield T.* The War for Afghanistan: A Very Brief History. Princeton University Press 2012.

Ізтілеуов, 1961 – *Ізтілеуов Т.* Рүстем-дастан. Алматы, 1961. 604 с.

Massimkhanuly, Abidenkyzy, Darbay, 2025 – *Massimkhanuly D., Abidenkyzy A., Darbay N.* World Geopolitics and the New Situation in the Central Asian Region: turning points and trends // Kazakhstan Oriental studies. 2025. Vol. 13 No. 1. PP. 347-364 / DOI: https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.347

Wilber, 1962 – Wilber D. N. Afganistan, its People, its Society, its Culture. New Hawen, 1962.

**References:**

Abdurauf, 1948 – *Abdurauf B.* Vzgljad na Pushtunistan [A look at Pashtunistan]. Kabul, 1948. 65 s. (In Fars).

Akimbekov, 2015 – *Akimbekov S.M.* Istorija Afganistana [History of Afghanistan]. Astana-Almaty: IMJeP pri Fonde Pervogo Prezidenta, 2015. 848 s. (In Rus).

Ali, 1930 – *Ali M.* Afganistan [Afghanistan]. Kabul, 1930. (In Fars).

Amirbekova, Bajdarov, 2025 – *Amirbekova S., Bajdarov E.* Sobytija «Arabskoj vesny» v osveshhenii issledovatelej blizhnevostochnyh stran [The Arab Spring as Covered by Middle Eastern Researchers] // Kazahstanskoe vostokovedenie [Kazakhstan Oriental studies]. 2025. T. 13. №2. S. 283-293 / DOI https://doi.org/10.63051/kos.2025.2.283 (In Rus).

Babahodzhaev, 1975a – *Babahodzhaev A.H.* Ocherki social'noj istorii Afganistana nachala XX veka [Essays on the social history of Afghanistan in the early 20th century]. Tashkent: Fan, 1975. (In Rus).

Babahodzhaev, 1975b – *Babahodzhaev M.A.* Ocherki social'no-jekonomicheskoj i politicheskoj istorii Afganistana: konec XIX v. [Essays on the socio-economic and political history of Afghanistan: the end of the 19th century]. Tashkent: Fan, 1975. 196 s. (In Rus).

Bajdarov, 2013 – *Bajdarov E.U.* Islamizacija gosudarstv Central'noj Azii: filosofsko-politologicheskij analiz [Islamization of Central Asian states: philosophical and political analysis] // 21 VEK [21st CENTURY]. Informacionno-analiticheskij zhurnal fonda «Noravank». Erevan. 2013. №4. S. 73–96. (In Rus).

Bajzhumin, 2012 – *Bajzhumin Zh.* Turan. Vzgljad na istoriju chelovecheskogo obshhestva [Turan: A Look at the History of Human Society]. Almaty: Arys, 2012. 172 s. (In Rus).

Bartold, 1963 – *Bartold V.V.* Turkestan v epokhu mongolskogo nashestviya. Sochineniya [Turkistan in Mongolian Invasion Epoch]. M., 1963, v.1. 760 s. (In Rus).

Bartold, 1963 – *Bartold V.V.* Tadzhiki. Istoricheskij ocherk [Tajiks: A Historical Essay] // *Bartold V.V.* Obschie raboty po istorii Sredney Azii. Raboty po istorii Kavkaza i Vostochnoy Evropy. Sochineniya [The General Works on History of the Central Asia. The Works on History of Caucasus and Eastern Europe]. M., 1963. V.2 (1). S. 449–468 (In Rus).

Bartold, 1966 – *Bartold V.V.* Raboty po istorii islama i Arabskogo khalifata. Sochineniya [The Works on History of Islam and Arab Caliphate]. M., 1966. V.6. 784 s. (In Rus).

Bartold, 1971 – *Bartold V.V.* Raboty po istoricheskoy geografii i istorii Irana. Sochineniya [The Works on Historical Geography and History Iran]. M., 1971. V.7. 664 s. (In Rus).

Bejsembiev, 1987 – *Bejsembiev T.K.* «Ta'rih-i Shahruhi» kak istoricheskij istochnik [«Ta'rikh-i Shahrukhi» as a historical source]. Alma-Ata: Nauka, 1987. 200 s. (In Rus).

Bejsembiev, 2002 – *Bejsembiev T.K.* Pohod Mogolov Indii v Severnyj Afganistan 1646–1647 gg. v zerkale sovremennoj ideologii [The Mughal Indian campaign in Northern Afghanistan in 1646–1647 in the mirror of modern ideology]. Almaty, 2002. (In Rus).

Belokrenickij, 2002 – *Belokrenickij V.Ja.* Pushtuny Afganistana i Pakistana: demograficheskaja dinamika i politicheskaja rol' [Pashtuns of Afghanistan and Pakistan: Demographic Dynamics and Political Role] // Afganistan na perehodnom jetape. M., 2002. S. 39–68. (In Rus).

Vali, 1960 – *Vali Sh.* Moi vospominanija [My memories]. / Per. s farsi. M. 1960. (In Russian).

Gabdullin, Muratbekova, 2025 – *Gabdullin K.*, *Muratbekova A.* Rol' instituta hal'sy v identifikacii sikhov v indijskom shtate Pendzhab [The Role of the Khalsa Institution in Identifying Sikhs in the Indian State of Punjab] // Kazahstanskoe vostokovedenie [Kazakhstan Oriental studies]. 2025. T. 13. №1. S. 60-76 / DOI https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.60 (In Rus).

Gamil'ton, 1908 – *Gamil'ton A.* Afganistan / Per. s angl. SPb., 1908. (In Rus).

Gankovskij, Polishhuk, Slinkin, 1985 – *Gankovskij Ju.V., Polishhuk A.I., Slinkin M.F.* Istorija vooruzhennyh sil Afganistana, 1747–1977 [History of the Armed Forces of Afghanistan, 1747–1977]. M.: Nauka, 1985. 206 s. (In Rus).

Gubar, 1959 – *Gubar M.G.M.* Akhmad-shakh – osnovatel Afganskogo gosudarstva [Ahmad Shah as Founder of Afghan State]. M., 1959. 386 s. (In Rus).

Zhekhak, 1989 – *Zhekhak L.* Kodeks chesti pushtunov // Afganistan: istoriya, ekonomika, kultura [Pashtoons' Code of Honor // Afghanistan: history, economy, culture]. M., 1989. S. 58–72 (In Rus).

Istoriya Afganistana, 1982 – Istoriya Afganistana [The History of Afghanistan]. M., 1982. 368 s. (In Rus).

Qazaq tilining.., 1974 – Qazaq tilining tusindirme sozdigi [Kazakh Language Explanatory Dictionary]. Almaty, 1974. V. 1. 696 s. (in Kaz).

Korgun, 2004 – *Korgun V.G.* Istorija Afganistana. XX vek [History of Afghanistan. XX century]. IV RAN, Kraft+, 2004. 529 s.

Қydyrbekұly, 1997 – *Қydyrbekұly D.* Koshpeliler kim bolghan edi? [Who were the Nomads?] // Qazaq tarikhynan [From Kazakh History]. Almaty, 1997. S. 520– 535. (in Kaz).

Қydyrbekұly, 2025 – *Қydyrbekұly D.* Қazaқ-auғan tarihi bajlanystary [Kazakh-Afghan Historical ties] // Dala diplomatijasy zhəne қazirgi halyқaralyқ қatynastar [Steppe Diplomacy and Modern International Relations]. Shymkent: «Əlem», 2025. 4–6 b. (in Kaz).

Masson, Romodin, 1965 – *Masson V.M., Romodin V.A.* Istoriya Afganistana [The History of Afghanistan]. M., 1965. V.1. 464 s. (In Rus).

Neru, 1977 – *Neru J.* Vzglyad na vsemirnuyu istoriyu [Glimpses of World History]. M., 1977. V.1. 376 s. (In Rus).

Ongdasynov, 1974 – *Ongdasynov N.* Parsysha-qazaqsha tusindirme sozdik [Persian-Kazakh Explanatory Dictionary]. Almaty, 1974. 384 s. (in Kaz).

Pishhulina, 1977 – *Pishhulina K.A.* Jugo-Vostochnyj Kazahstan v seredine XIV – nachale XVI vekov (voprosy politicheskoj i social'no-jekonomicheskoj istorii) [South-Eastern Kazakhstan in the mid-14th – early 16th centuries (issues of political and socio-economic history)]. Alma-Ata: Nauka, 1977. 286 s. (In Rus).

Reisner, 1959 – *Reisner I.M.* Razvitie feodalizma i obrazovanie gosudarstva u afgantcev [Development of Feudalism and Formation of State Among the Afghans]. M.: AN SSSR, 1954. 417 s. (In Rus).

Rishtija, 1958 – *Rishtija S.K.* Afganistan v XIX v. / Per. s pers. M.: Inostrannaja literatura, 1958. 487 s. (In Rus).

Rүstemov, 1989 – *Rүstemov L.* Arab-Iran kirme sөzderiniң қazaқsha-oryssha tүsindirme sөzdigi [Kazakh-Russian explanatory dictionary of Arab-Iranian loanwords]. Almaty: Mektep, 1989. 320 b. (in Kaz).

Snesarev, 1921 – *Snesarev S.E.* Afganistan. Geografichesko-politicheskij ocherk [Afghanistan. Geographical and political essay]. T. 1. M.: Gosudarstvennoe Izdatel'stvo, 1921. 244 s.

Habibi, 1969 – *Habibi A.* Istorija Afganistana [History of Afghanistan]. Kabul: Ariana, 1969. 149 s. (In Fars).

Hoshimi, 1980 – *Hoshimi Said ud-din*. Sovremennyj Afganistan [Modern Afghanistan]. Kabul: Universitet, 1980. 220 s. (In Fars).

Shapyrashty Qazybek ..., 1993 – *Shapyrashty Qazybek bek Tawasaruly*. Tup-tuqiyannan ozime sheyin [From origins to me]. Almaty, 1993. 416 s. (in Kaz).

Shumov, Andreev, 2002 – *Shumov S.A., Andreev A.R.* Istorija Afganistana. Dokumental'noe issledovanie [History of Afghanistan: A Documentary Study]. M.: Kraft, 2002. 236 s. (In Rus).

Entciklopedicheskiy slovar, 1890 – Entciklopedicheskiy slovar [Encyclopedic Dictionary]. Sankt-Peterburg, 1890. V.1. 480 s. (In Rus).

Iztileuov, 1961 – *Iztileuov T.* Rustem-dastan [Rustem-dastan]. Almaty, 1961. 604 s. (in Kaz).

Babar-nama, 1905 – The Babar-nama, being the autobiography of the Emperor Babar, the founder of the Moghul dynasty in India, written in Chagatay Turkish; now reproduced in facsimile from a manuscript belonging to the late Sir Salar Jang of Haydarabad, and ed. with a preface and indices by A. S. Beveridge, Leyden – London, 1905 (GMS, I).

Barfield, 2010 – *Barfield T.* Afghanistan: A Cultural and Political History. Princeton University Press, 2010. 456 p.

Barfield, 2012 – *Barfield T.* The War for Afghanistan: A Very Brief History. Princeton University Press, 2012. 62 p.

Massimkhanuly, Abidenkyzy, Darbay, 2025 – *Massimkhanuly D., Abidenkyzy A., Darbay N.* World Geopolitics and the New Situation in the Central Asian Region: turning points and trends // Kazakhstan Oriental studies. 2025. Vol. 13 No. 1. Pp. 347-364 /

Wilber, 1962 – Wilber D. N. Afganistan, its People, its Society, its Culture. New Hawen, 1962. 320 p.

**[1] Кыдырбекулы Д.Б. [2] Байдаров Е.У.**
*[1] Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан*
*[2] Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан,*
*E-mail: [1]doulatbek3@hotmail.com, [2] erkinbaydarov@gmail.com*

## АФГАНИСТАН: ЭТНОГЕНЕЗ ПУШТУНСКОГО НАРОДА

***Аннотация.*** В данной статье рассматривается формирование кочевого пуштунского народа как этноса и нации. Новизна исследования заключается в анализе общности происхождения пуштунов с кочевыми тюркскими народами. Анализ ведется в сопоставлении разных источников, которыми могут быть как исторические сведения авторов разных периодов от древности до Нового времени, так и литературные произведения поэтов тех времен. Цель исследования заключается в том, что пуштуны являются потомками древних саков. Задачей данного исследования является выявить многовековое наслоение различных кочевых и оседлых народов на обширных просторах территории современного Афганистана и Пакистана, а также создание ими полиэтнических государств (Делийский султанат, Хаттакское княжество, империя Дуррани и другие), игравшие значительную геополитическую роль в контексте взаимодействия стран Центральной и Южной Азии, а также Ближнего и Среднего Востока (в борьбе с Персией). Рассматриваются участие кочевых народов в формировании многих древних государств (Ахеменидской, Македонской, Кушанской империй), включение в состав средневековых государств (Газнавидов, Монгольской и Великих Моголов), а также их связующей роли в центральноазиатском и южноазиатском регионах в эти периоды. Целью статьи является изучение формирования афганских кочевников в древности, средневековье и новое время. В статье преимущественно используются текстологический и сопоставительный методы анализа, позволяющие определить влияние исторических фактов и географических факторов. Представленные в статье результаты позволили авторам сделать вывод о том, что племенной строй и образ жизни афганских кочевников формировались на протяжении веков. Изложенный в статье материал позволил авторам сделать вывод о существовании у афганских кочевников многовековой стратегии ведения войн и торговли, предусматривающей использование всех принципов племенного уклада, обороны и наступления на внешних врагов, использовании дипломатии и других способов политики.

***Благодарность:*** Статья подготовлена в рамках фундаментального научного исследования МНВО РК на тему: «Казахстан и меняющиеся контуры восточного мира: исторические вызовы и перспективы» (№ BR 31714763).

***Ключевые слова:*** афганская история, афганское государство, Кабул, Пуштунвалай, пуштунские племена, сакские племена, Туран, тюркские племена, шеджире.

**[1] Khidirbekughli D.B., [2] Baidarov E.U.**
*[1] International Information Technologies University, Almaty, Kazakhstan,*
*[2] R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan,*
*E-mail: [1]doulatbek3@hotmail.com, [2] erkinbaydarov@gmail.com*

## AFGHANISTAN: ETHNOGENESIS OF THE PASHTU PEOPLE

***Abstract.*** This article considers the formation of the nomadic Pashtoon people as an ethnicity and nation. The novelty of research is in analysis of common origin of the Pashtoons and nomadic

Turkic peoples. The analysis is carried out by comparing different sources, which can be both historical information from authors of different periods from ancient times to modern times, and poets' literary works of those times. The objective of this study is to identify the centuries-old layering of various nomadic and sedentary peoples in the vast expanses of the territory of modern Afghanistan and Pakistan, as well as their creation of multi-ethnic states (the Delhi Sultanate, the Khattak Principality, the Durrani Empire and others) which played a significant geopolitical role in the context of interaction between the countries of Central and South Asia, as well as the Near and Middle East (in the struggle against Persia). The goal of research is to establish that the Pashtoons are descendants of the ancient Sakas. This article also considers their participation in the formation of ancient states (the Achaemenid, Macedonian, and Kushan Empires), their inclusion in medieval states (the Ghaznavids, Mongolians, and Great Mughals), and their connecting role in the Central Asian and South Asian regions in these periods. The purpose of this article is to study the development of Afghan nomads in ancient, medieval, and modern times. It mainly uses textual and comparative analysis to determine the influence of historical facts and geographic factors. The results presented in this article allowed the authors to conclude that the tribal system and lifestyle of Afghan nomads were formed for centuries. The material presented in this article allowed the authors to conclude that the Afghan nomads had a centuries-old strategy for waging war and trade, which included the use of all principles of the tribal structure, defense and attack against external enemies, and the use of diplomacy and other political methods.

***Acknowledgement***. The article was prepared within the framework of fundamental scientific research by the Ministry of Science and Higher Education of Republic of Kazakhstan «Kazakhstan and the Changing Contours of the Eastern World: Historical Challenges and Prospects» (№ BR 31714763).

***Keywords***: Afghan history, Afghan state, Pashtoonwali, Pashtoon Tribes, Turan, Turkic tribes, Saka tribes, Turan, Kabul, shejire.

Авторлар туралы мәлімет:

Қыдырбекұлы Дулатбек Балғабекұлы, саяси ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан.

Байдаров Еркін Ұланұлы, философия ғылымдарының кандидаты, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының профессоры, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Кыдырбекулы Дулатбек Балгабекович, доктор политических наук, Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан.

Байдаров Еркин Уланович, кандидат философских наук, профессор Российской Академии Естествознания, ведущий научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Khidirbekughli Doulatbek Balghabekuly, Doctor of Political Science, International Information Technologies University, Almaty, Kazakhstan.

Baidarov Erkin Ulanovich, PhD in Philosophy, Professor of the Russian Academy of Natural Sciences, Leading Researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies.

*Келіп түсті 8 қаңтар 2026 жыл*

*Қабылданды 25 ақпан 2026 жыл*